

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 10 қыркүйектегі № 151 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 қыркүйекте № 19369 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы, Тізбенің 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармағының үшінші, төртінші және алтыншы абзацтарын, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 9-тармағының тоғызыншы – жиырма сегізінші, отыз алтыншы – бір жүз бірінші, бір жүз оныншы – бір жүз жиырма алтыншы, бір жүз отыз төртінші, бір жүз отыз сегізінші – бір жүз тоқсаныншы абзацтарын және 18-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.06.2020 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті
2019 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 10 қыркүйектегі
№ 151 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыра алатын туынды бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдары базалық активтерінің тізбесін және оларды сатып алу тәртібін, сондай-ақ қайталама нарықта мемлекеттік бағалы қағаздармен және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен, ұйымдаспаған бағалы қағаздар нарығында туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасау жағдайларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 210 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4892 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1. Екінші деңгейдегі банктер жүргізуін орталық депозитарий жүзеге асыратын ұйымдастырылмаған нарықта жасалған туынды қаржы құралдарымен мәмілелер тізіліміне (бұдан әрі - тізілім) енгізу үшін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 307 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру қағидаларының және орталық депозитарийдің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес есепті аптадан кейінгі аптаның бірінші жұмыс күні Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 14-00-ден кешіктірмей орталық депозитарийге ақпарат береді. Ақпарат ақпаратты беру күнінде қолданыста болған,

ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда жасалған туынды қаржы құралдарымен барлық мәмілелер, сондай-ақ есепті кезеңде жасалған және орындалған мәмілелер бойынша беріледі.";

3-1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарымен мәмілелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер жасау;".

2. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 47 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

3. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 214 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8796 болып тіркелген, 2013 жылғы 8 желтоқсанда "Заң газеті" газетінде № 183 (2384) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тәуекелдерді басқару жүйесі Қағидалардың 11-тармағы 3) тармақшасының сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарында, 15-тармағының 9) және 10) тармақшаларында, 28-тармағының екінші бөлігінің бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарында, 29 және 30-тармақтарында, 68-тармағының 2), 8), 9) тармақшаларында, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79 және 80-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін брокер және (немесе) дилер немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы жасаған брокерлік қызмет көрсету шартының талаптарында, осы брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банктік және (немесе) жеке шотында клиенттік тапсырыста көрсетілген ақша және (немесе) бағалы қағаздар көлемінен кем емес мөлшерде клиентте ақша және (немесе) бағалы қағаздар болған кезде ғана клиенттік тапсырысты орындауға қабылдайтынын білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген брокерлік қызмет көрсету шартының талаптары сақталған жағдайда, брокер және (немесе) дилер немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы Қағидаларда белгіленген бір клиентке Тәуекелдерді жабу коэффициентінің мәндерін және тәуекелдерін есептеуді жүзеге асырмайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қызметі ұшыраған тәуекелдер бойынша стресс-тестинг Басқарушының және Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтері және инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтері бойынша кемінде жарты жылда бір рет есептеледі.

Брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қызметі ұшыраған тәуекелдер бойынша стресс-тестинг нәтижелері Басқарушының және Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделеді және мынадай ақпаратты қамтиды:

стресс-тест сценарийінің сипаттамасы;
таңдалған стресс-тест сценарийін негіздеу;
стресс-тестинг нәтижелері бойынша ұсыныстар.";

9 тармақ алып тасталсын;

9-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1. Басқарушы, Басқарушы болып табылатын брокер және (немесе) дилер Қағидалардың 8-тармағында жазылған ақпаратты қағаз тасымалдағышта және (немесе) деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін электрондық құжат нысанында резервтеуді және сақтауды қамтамасыз етеді.";

37-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық қорлардың инвестициялық декларациясына қойылатын талаптар "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.";

40-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Клиенттердің басқаруға қабылданған активтерін, оның ішінде зейнетақы активтерін, инвестициялық қорлардың активтерін және (немесе) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің жауапты бөлімшесі:";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің жауапты бөлімшесі Қағидалардың 40-тармағында көрсетілген талдамалық зерттеулер негізінде аталған ұсынымдарды беруге негіз болған факторлардың толық тізбесі қамтылатын ұсынымдарды әзірлейді.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Ұсынымдар:

1) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің корпоративтік стратегиясын, инвестициялық декларациясын және меншікті

активтерін инвестициялау саясатын әзірлеу, сондай-ақ көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) инвестициялау лимиттерін айқындау және қайта қарау;

3) клиенттердің инвестициялық басқаруға қабылданған активтері және (немесе) Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтері есебінен мәмілелер жасау туралы шешімдер қабылдау;

4) берілген алгоритм (алгоритмдік трейдинг) бойынша қаржы құралдары бойынша мәмілелер жасасуға өтінімдерді орналастырудың және басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып, клиенттердің инвестициялық басқаруға қабылданған активтерін және (немесе) брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының, Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін инвестициялау туралы шешімдер қабылдау кезінде беріледі.

Осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген ұсыным қаржы құралдарымен бір, сол сияқты бірнеше мәмілелер жасауға қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау үшін әзірленеді.";

43-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) мыналар туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, ұсынымдарды беру үшін пайдаланылған ақпаратты талдау нәтижелері:

жасалатын мәміленің Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің басқаруға қабылданған активтері және (немесе) меншікті активтері бойынша кірістердің болжамды өзгеруіне әсері;

осы қаржы құралын (қаржы құралдарын) сатып алуға байланысты тәуекелдер;

жасалатын мәміленің уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтер мәндерінің өзгеруіне әсері";

43-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) аталған қаржы құралының (қаржы құралдарының) түрін, көлемін, бағалар диапазоны, кірістілік деңгейін және басқа да сипаттамаларын (талаптарын) көрсете отырып, қаржы құралының (қаржы құралдарының) сипаттамасы";

мынадай мазмұндағы 43-1 тармақпен толықтырылсын:

"43-1. Алгоритмдік трейдингті пайдалана отырып, клиенттердің инвестициялық басқаруға қабылданған активтерін және (немесе) брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының, Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін инвестициялау жөніндегі ұсынымда мынадай мәліметтер қамтылады:

1) берілген күні және оның нөмірі;

2) активтеріне қатысты алгоритмдік трейдингті қолдану болжанатын клиент туралы мәліметтер не ұсынымның меншікті активтеріне қатысты жасалғанын көрсету;

3) қолдануға ұсынылатын алгоритмдік стратегияның атауы;

4) инвестициялау үшін ұсынылатын сома;

- 5) қаржы құралдарының тізбесі (қажет болған жағдайда);
- 6) алгоритмдік стратегияның ұсынылатын қолданылу мерзімі;
- 7) осы алгоритмдік стратегияны қолданудан күтілетін кірістілік мөлшері;
- 8) инвестициялау үшін ұсынылатын сомадан ең жоғары жол берілетін шығын мөлшері;
- 9) ұсыным жасаған адамдардың атқаратын лауазымдары, қойылған қолдары.

Алгоритмдік стратегияны (алгоритмдік стратегияларды) брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының, Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитеті бекітеді.

Алгоритмдік стратегия талаптары бар құжат мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) алгоритмдік стратегияның толық сипаттамасы;
- 2) осы алгоритмдік стратегия шеңберінде пайдаланылатын қаржы құралдарының тізбесі;
- 3) тарихи қаржылық деректерді пайдалана отырып, осы алгоритмдік стратегияның тиімділігін тексеру (тестілеу) нәтижелері;
- 4) алгоритмдік трейдингті қолдана отырып инвестициялауға байланысты негізгі тәуекелдер туралы ақпарат;
- 5) осы алгоритмдік стратегияны қолдану кезінде туындайтын қосымша шығыстар мен комиссиялар туралы мәліметтер.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Хаттамаға инвестициялық комитеттің отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды және қағаз тасымалдағышта және (немесе) мәліметтердің конфиденциалдылығын және түзетілмеуін қамтамасыз ету кезінде инвестициялық комитеттің отырысқа қатысқан мүшелерінің электрондық цифрлық қолдарымен расталған электрондық құжат нысанында инвестициялық комитет қабылдаған инвестициялық шешімдермен бірге бес жыл бойы сақталады.";

55-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ол бойынша мәміле жасалуы тиіс қаржы құралын (қаржы құралдарының) сәйкестендіргіш;"

мынадай мазмұндағы 56-1 тармақпен толықтырылсын:

"56-1. Алгоритмдік трейдингті пайдалана отырып, клиенттердің инвестициялық басқаруға қабылданған активтерін және (немесе) брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының, Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтерін инвестициялау бойынша инвестициялық шешім 1), 2), 10), 11) 12) Қағидалардың 55-тармағына сәйкес:

- 1) қолданылатын алгоритмдік стратегияның атауы;
- 2) алгоритмдік стратегияны қолдана отырып инвестициялауға жататын сома;
- 3) қаржы құралдарының түрлері (қажет болған жағдайда);

4) алгоритмдік стратегияның қолданылу мерзімі;

5) осы алгоритмдік стратегияны қолданудан күтілетін табыстылық;

6) инвестициялау үшін айқындалған сомадан ең жоғары жол берілетін шығын мөлшері.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген инвестициялық шешім шеңберінде мәмілелер жасау үшін жекелеген инвестициялық шешімдер қабылдау талап етілмейді.";

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесі сауда күні ішінде мынадай:

1) бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) клиенттік тапсырысты орындау;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне бағалы қағаздарды сатып алуға (сатуға) өтінім беру;

3) клиенттің банктік шотынан ақшаны есептен шығаруға бұйрық қабылдау;

4) клиенттің банктік шотына ақша аудару;

5) бағалы қағаздарды номиналды ұстауға (ұстаудан) енгізуге (шығаруға) бұйрық қабылдау;

6) тікелей және кері репо операцияларын ашу;

7) Қазақстан Республикасының резидент ұйымы шет мемлекеттің аумағында, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесінде шығарған облигацияларды сатуға клиенттік тапсырысты орындау операцияларын жүзеге асыру шамасына қарай бір клиентке тәуекелдерді және тәуекелдерді жабу коэффициентінің мәндерін есептеуді жүзеге асырады.";

75-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"75. Тәуекелдерді жабу коэффициентінің мәні брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы қаражатының мәмілелер жасау нәтижесінде туындаған шартты және ықтимал міндеттемелерді жабу үшін жеткіліктілігін сипаттайды және бірден кем болмайды.

Тәуекелдерді жабу коэффициентінің мәні (бұдан әрі - ТЖК) мынадай формула бойынша есептеледі:

$TJK = MK / (Kt + Ot)$, мұнда:

1) МК - брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының, мыналарды:

брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын және 38 "Материалдық емес активтер" Халықаралық Қаржылық есептілік

стандартына сәйкес келетін Басқарушының негізгі қызметінің мақсаты үшін сатып алынған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтерді;

брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының, мына:

AIX (Astana International Exchange);

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);

RTSI (Russian Trade System Index);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index);

2) Кт - төлем қабілетсіздігінің тәуекелі, ол:

брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының және оның клиенттерінің атынан сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіне берілген бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға белсенді өтінімдер;

бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының және оның клиенттерінің атынан берілген бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға белсенді өтінімдер;

бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының және оның клиенттерінің атынан бағалы қағаздармен жасалған, есептелмеген мәмілелер;

ашық репо операциялары көлемінің сомасы ретінде есептеледі (теңгемен), ол:

тікелей репоның ашық операциялары бойынша қамтамасыз ету болып табылатын дисконтты ескергендегі бағалы қағаздардың нарықтық құны мен тікелей репоның көрсетілген операцияларын ашу нәтижесінде тартылған ақша сомасының арасындағы айырмашылық;

кері репо операцияларын ашу нәтижесінде орналастырылған ақша сомасы мен осы репо операциялары бойынша қамтамасыз ету болып табылатын дисконтты ескергендегі

бағалы қағаздардың нарықтық құны арасындағы айырмашылық сомасы ретінде есептеледі;

мыналарды шегергенде:

брокердің және (немесе) дилердің не брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банк шотындағы, олардың атынан осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген сатып алуға арналған өтінімдер берілген клиенттердің ақшасын (осы клиенттердің атынан берілген өтінімдер көлемінің сомасы шегінде);

брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының банк шотындағы ақшасын (брокер және (немесе) дилер немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы өз атынан берген, осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген сатып алуға арналған өтінімдер көлемінің сомасы шегінде);

олардың атынан брокер және (немесе) дилер не брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген сатып алуға арналған өтінімдерді берген клиенттердің кастодианның банк шотындағы ақшасын (осы клиенттердің атынан берілген өтінімдер көлемінің сомасы шегінде);

олардың атынан осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген сатып алуға арналған өтінімдер берілген брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған клиенттердің жеке шоттарындағы (қосалқы шоттарындағы) және осы өтінімдердің мәні болып табылатын бағалы қағаздарды (осы клиенттердің атынан берілген өтінімдер көлемінің сомасы шегінде);

брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының өзінің жеке шотындағы бағалы қағаздарын (брокер және (немесе) дилер немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы өз атынан берген, осы тармақшаның екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген сатып алуға арналған өтінімдер көлемінің сомасы шегінде);

брокер және (немесе) дилер немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы клиенттерінің кастодианның номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде ашылған жеке шоттарындағы (қосалқы шоттарындағы) және осы өтінімдердің мәні болып табылатын бағалы қағаздарын (осы клиенттердің атынан берілген өтінімдер көлемінің сомасы шегінде);

3) От - брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ұйымдастырылған және бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарықтарында бағалы қағаздармен сауда-саттығының жылдық көлемінің

орташа шамасының, соңғы өткен үш жылда 0,0015-ке тең операциялық тәуекелдің және 0,035-ке тең есептік коэффициенттің қосындысы ретінде есептелетін операциялық тәуекел.

Брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ұйымдастырылған және халықаралық (шетелдік) нарықтардағы бағалы қағаздармен сауда-саттығының жылдық көлеміне бағалы қағаздардың қайталама нарығында жасалған мәмілелер енгізіледі.

"Автоматты тәсілмен" жасалған репо операцияларын жабу мәмілелері брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының ұйымдастырылған және халықаралық (шетелдік) нарықтардағы бағалы қағаздармен сауда-саттығының жылдық көлемінің есебіне енгізілмейді.

Олар бойынша есеп айырысулар олар жасалған күннен кейін жүзеге асырылатын, күнтізбелік жылдың соңына дейін жасалған бағалы қағаздарды сатып алу және сату жөніндегі мәмілелер брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының мәміле жасалған күн бойынша ұйымдастырылған және халықаралық (шетелдік) нарықтардағы бағалы қағаздармен сауда-саттығының жылдық көлемін есептеу кезінде ескеріледі.

Жаңадан құрылған брокер және (немесе) дилер немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушы үшін операциялық тәуекел қаржы жылының аяқталуы бойынша есептеледі және сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйесіндегі сауда-саттықтың жылдық көлемінің орташа шамасы өткен жылдар санына қарай есептеледі.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Брокер және (немесе) дилер немесе Басқарушы бөлімшелерінің, филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін тексеруді ішкі аудит қызметі брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органы (қадағалау кеңесі) бекітетін тексерулер жоспарына сәйкес жүзеге асырады.

Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитетінің қызметін тексеруді ішкі аудит қызметі жылына кемінде бір рет кезеңділікпен жүзеге асырады.";

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органы (қадағалау кеңесі) өз функцияларын жүзеге асыру үшін жауапты бөлімшелерден мынадай құжаттаманы:

өткен есепті кезеңнің сол кезеңімен және қызметтің жоспарланған көрсеткіштерімен салыстырғандағы брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қаржылық-шаруашылық қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есептерді - тоқсан сайынғы негізде;

орын алған кемшіліктер туралы тұжырымдар және брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметін жақсарту бойынша ұсынымдар қамтылатын тексерулер нәтижелері бойынша есептерді - есептердің дайындалуына қарай;

ішкі аудит қызметінің брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының қызметін жақсарту бойынша ұсынымдарының орындалуына бақылау жасау нәтижелері туралы есепті - тоқсан сайынғы негізде алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттама брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының басқару органының (қадағалау кеңесінің) отырысында қаралады немесе оның мүшелеріне брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының бірінші басшысының немесе оның орнындағы адамның қолымен расталған ілеспе хатпен жіберіледі.";

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің басқару органы өз функцияларын жүзеге асыру үшін Қағидалардың 94-тармағында көрсетілген құжаттамаға қосымша жауапты бөлімшелерден мынадай құжаттаманы алады:

1) стресс-тестингтер мен бэк-тестингтердің нәтижелері – кемінде жарты жылда бір рет;

2) клиенттердің инвестициялық басқаруға берілген активтерін және (немесе) меншікті активтерін инвестициялық басқару нәтижелері туралы есеп - тоқсан сайынғы негізде;

3) қабылданған инвестициялық шешімдер туралы есеп - кемінде жарты жылда бір рет.";

98-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"98. Басқарушының немесе Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің инвестициялық комитеті өз функцияларын жүзеге асыру үшін жауапты бөлімшелерден:

қалыптасып отырған геосаяси жағдайларға, инвестициялау валютасына және экономика секторына қарай инвестициялау нарықтарының тартымдылық дәрежесі бойынша макроэкономикалық талдауды - жарты жылдықта кем дегенде бір рет;

эмитенттердің қаржылық жай-күйін талдауды қоса алғанда, эмитенттерді және олар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарын талдау, эмитенттің қаржы құралдарының құнына немесе олардың өз міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ететін ақпараттың пайда болуы туралы есептер, сондай-ақ осы эмитенттердің қаржы құралдарына инвестициялауға байланысты тәуекелдер- кемінде бір тоқсанда бір рет;

портфельдің құрылымы, кірістіліктің өзгеру динамикасы туралы мәліметтерді қамтитын инвестициялық портфельді талдау, шығынды позицияларды және портфельдің құрылымын оңтайландыру жөніндегі ұсыныстарды талдауды – кемінде бір тоқсанда бір рет;

инвестициялық басқаруға қабылдану болжанып отырған активтер мөлшерінің, сондай-ақ оларды орындау мерзімдері бойынша басқаруға қабылданған инвестициялық портфель (портфельдер) міндеттемелері құрылымының болжамы (ақшаның және (немесе) инвестициялық басқаруға берілген активтердің сомасы туралы ақпарат қамтылатын клиенттердің, оның ішінде инвестициялық қор пайшыларының, акционерлерінің құрылымын талдау негізінде) қамтылатын талдауды - кемінде бір тоқсанда бір рет;

міндеттемелерді белгіленген мерзімдер ішінде өтеу үшін қажетті өтімді активтерді жұмылдыру қабілетінің өзгеруін ескере отырып, гэп-позициялар лимиттерінің сақталуын шолу, оның ішінде шетел валютасындағы міндеттемелерді өтеу үшін қажетті шетел валютасындағы өтімді активтерді қалыптастыру қабілетінің мониторингі кіретін ақша ағынын (өтімділікті) басқару жөніндегі ақпаратты - күн сайынғы негізде;

қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпарат табылғаны туралы есепті – табылуына қарай;

қаржы құралдарымен операциялар бойынша мынадай лимиттерді белгілеу (қайта қарау) бойынша ұсынымдар мен қорытындыларды:

бір эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялау көлемі бойынша, сондай-ақ осы эмитенттің қаржы құралдарына инвестициялаумен байланысты тәуекелдерді және осы тәуекелдердің уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген пруденциалдық нормативтердің мәніне инвестициялық комитет бекіткен қаржы құралдарымен операцияларды жасауға арналған лимиттер, сондай-ақ уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген лимиттер шегінде ықпалын көрсете отырып, осы эмитенттің қаржы құралдарының түрлері бойынша лимиттерді - тоқсанына кем дегенде бір рет;

"stop - loss" және "take - profit" лимиттерін – кемінде бір тоқсанда бір рет;

тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімше жүргізетін талдау негізінде гэп-позиция лимиттерін - тоқсанына кем дегенде бір рет;

клиенттердің инвестициялық басқаруға қабылданған (инвестициялық қорлардың) активтері және (немесе) меншікті активтер бойынша инвестициялық портфельдің өтімділігін жоғалту тәуекелі бойынша кредиттік, пайыздық, валюталық, қор тәуекелдеріне ұшырағыштығы туралы қорытындыны - ай сайынғы негізде;

брокердің және (немесе) дилердің немесе брокер және (немесе) дилер болып табылатын Басқарушының қызметі ұшыраған тәуекелдер бойынша, Басқарушының және Басқарушы болып табылатын брокердің және (немесе) дилердің меншікті активтері бойынша, инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттердің активтері бойынша стресс-тестинг нәтижелері - кемінде жарты жылда бір рет;

бэк-тестинг нәтижелері – кемінде жарты жылда бір рет;

қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпараттың табылуы туралы есепті - қарсы серіктестер мен клиенттердің қызметі туралы жағымсыз ақпараттың табылуна қарай;

инвестициялық шешімдердің орындалуы туралы ақпаратты - апта сайынғы негізде алады.";

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"100. Брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшесі өз функцияларын жүзеге асыру үшін брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының барлық бөлімшелері мен қызметкерлерінен тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын бөлімшенің сұратуларында көрсетілген мерзімде өз функцияларын жүзеге асыруға қажет құжаттар мен ақпаратты алады, сондай-ақ тұрақты негізде:

1) белгіленген инвестициялау лимиттерін сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты - күн сайынғы негізде;

2) белгіленген "stop - loss" және "take - profit" лимиттерін сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты - апта сайынғы негізде;

3) клиенттердің инвестициялық басқаруға берілген активтерін және (немесе) меншікті активтерін инвестициялық басқару нәтижелері туралы есепті - кемінде бір тоқсанда бір рет;

4) клиенттердің (инвестициялық қорлардың) инвестициялық басқаруға қабылданған активтері және (немесе) меншікті активтер бойынша инвестициялық портфельдің кредиттік, пайыздық, валюталық және қор тәуекелдеріне ұшырағыштығы туралы қорытындыны дайындауға қажетті мәліметтерді;

5) брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының ішкі құжаттарында айқындалған көлемде тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті;

6) портфельдің құрылымы туралы ақпаратты - күн сайынғы негізде;

7) инвестициялық басқаруға берілген клиенттердің активтері және (немесе) меншікті активтері есебінен инвестициялық қызмет нәтижесінде алынған кірістер мен шығындардың ай сайынғы есебін алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат инвестициялаудың белгіленген лимиттері туралы мәліметтерден басқа, есепті кезеңде жасалған инвестициялардың нақты мөлшері туралы мәліметтерді қамтиды және әрбір клиенттің инвестициялық басқаруға қабылданған активтері және меншікті активтері бойынша жеке ұсынылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген ақпарат белгіленген "stop - loss" және "take - profit" лимиттері туралы мәліметтерден басқа, келтірілген шығындар (алынған кірістерді ескере отырып) және есепті кезеңде

лимиттен асқан жағдайда қабылданған шаралар туралы мәліметтерді қамтиды және инвестициялық басқаруға қабылданған әрбір клиенттің активтері және меншікті активтер бойынша жеке ұсынылады.";

1-қосымшаға сәйкес тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау жөніндегі есеп Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2, 3 және 4-қосымшалар алып тасталсын.

4. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

5. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

6. "Қор биржасы үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 252 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12999 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қор биржасы үшін тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

10-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

20-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 48-1 тармақпен толықтырылсын:

"48-1. Ұсыныс қаржы құралдарымен бір немесе бірнеше мәмілелер жасауға қатысты инвестициялық шешімдер қабылдау үшін әзірленеді.";

50-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) аталған құралдың түрін, көлемдерінің, бағаларының және (немесе) кірістілік деңгейлерінің диапазонын және басқа да сипаттамаларын (шарттарын) көрсете отырып, қаржы құралының сипаттамасы;"

52-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қаржы құралдарын сатып алуға байланысты кредиттік, пайыздық, валюталық және баға тәуекелдерінің деңгейін бағалау туралы қорытынды дайындайды және осы қорытындыны инвестициялық комитетке ұсынады;"

58-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жасалуы тиіс мәміленің көлемдерінің, бағаларының және (немесе) кірістілік деңгейлерінің диапазоны;" .

7. "Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 11 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13314 болып тіркелген, 2016 жылғы 14 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жүйесіне, орталық контрагенттің тәуекелдері мониторингінің, оларды бақылау мен басқарудың шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптарда:

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Орталық контрагент әрбір нарық бойынша қалыптастыратын орталық контрагенттің клирингтік (кепілдік берілген және резервтік) қорларының жиынтық мөлшерін орталық контрагент олардың мөлшерін клирингке екі қатысушының міндеттемелерін көрсетілген міндеттемелердің ең көп көлемімен орындамаған жағдайда, орталық контрагенттің әлеуетті зияндары мөлшерінен төмен емес деңгейде ұстап тұру қажеттілігін ескере отырып айқындайды.

Орталық контрагент клирингтік (кепілдік беру және резервтік) қорларын құрайтын ақшаны, клирингтік қатысушылардың маржалық жарналарын және ақшасын орталық контрагенттің ішкі құжаттарына сәйкес орналастырады.

Орталық контрагент қатысушылардың позицияларын ағымдағы нарықтық құны бойынша бағалайды және ағымдағы тәуекелдердің жинақталуын шектеу үшін кемінде күніне бір рет клирингтік қатысушылардан маржалық қамтамасыз етуді алады.

Орталық контрагенттің клирингтік қатысушылардың қамтамасыз ету мөлшеріне қоятын талаптары кемінде тоқсан тоғыз пайыз сенімділік деңгейіне сәйкес келетін ықтималдылыққа жол бере отырып айқындалады.";

39 және 40-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Орталық контрагенттің тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасау процесінің бұзылуын туғызған техникалық іркілістер және өзге жағдайлар туралы директорлар кеңесі мен басқармаға аталған бұзушылықтар туындаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

40. Орталық контрагенттің директорлар кеңесі қор биржасының сауда жүйесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасау процесінің бұзылуын туғызған техникалық іркілістер және өзге жағдайлар туралы ақпаратты уәкілетті органға аталған бұзушылықтар туындаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етеді.";

49-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімділігіне, толықтығы мен уақтылығына қолжеткізу үшін құрылады. Аталған мақсат дәйекті және сапалы қаржылық есептіліктің жасалуын және шешімдер қабылдаған кезде орталық контрагент пайдаланған басқа қаржы құжаттарын тексеруді болжайды;"

8. "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Меншікті капитал бірінші деңгейдегі капиталдың және екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептеледі.

Нормативтердің мақсаттары үшін уәкілетті орган Standard & Poor's агенттігінің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағаларымен қатар басқа рейтингтік агенттіктердің ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтік бағаларын да мойындайды.

Нормативтердің мақсаттары үшін халықаралық қаржы ұйымдарына мынадай ұйымдар жатады:

Азия Даму Банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Африка Даму Банкі (the African Development Bank);

Еуразия Даму Банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Еуропа Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Еуропалық Қайта Құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Жеке секторды дамыту жөніндегі ислам корпорациясы (ICD);

Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігі;

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық;

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры;

Халықаралық даму қауымдастығы;

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).";

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) негізгі капитал:

Нормативтерге 1-1-қосымшаға сәйкес банк капиталының құрамындағы құралдарды сыныптауға арналған өлшемшарттарда көзделген негізгі капиталдың қаржы құралдарының өлшемшарттарына сәйкес келетін, төленген жай акциялардың;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап еншілес банктер шығарған, миноритарлық акционерлерге (үшінші тұлғаларға) тиесілі төленген жай акциялардың;

қосымша төленген капиталдың;

өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасының;

ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасының;

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарының 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3510 "Резервтік капитал" және 3400 "Динамикалық резервтер" баланстық шоттарындағы қалдықтар сомасы ретінде айқындалатын жинақталған ашылған резервтің;

сату үшін қолда бар негізгі құралдарды және қаржы активтерінің құнын қайта бағалау бойынша резервтердің;

мынадай реттеуіш түзетулерді шегергенде:

меншікті сатып алынған жай акцияларды;

гудвиллді қоса алғанда, материалдық емес активтерді;

өткен жылдардың шығындарын;

ағымдағы жылдың шығындарын;

шегерілетін уақытша айырмаларға қатысты танылған кейінге қалдырылған салық активтерінің бір бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін шегергендегі кейінге қалдырылған салық активін;

басқа да қайта бағалау бойынша резервтер;

активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатудан түскен кірістердің сомасы ретінде есетеледі. Мұндай табыстарға болашақта толық немесе ішінара кірісті күтуге байланысты секьюритилендіру шарттарынан алынған болашақ кезеңдердің табысы жатады;

осындай міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер немесе шығындардың;

қосылған капиталдан шегерілуге тиіс, бірақ оның жеткіліксіз деңгейіне байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулердің;

Нормативтердің 8-тармағында көрсетілген инвестициялардың сомасы ретінде есетеледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі мынадай коэффициенттермен:

1) негізгі капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті (k_1):

негізгі капиталдың:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің сомасына қатынасымен;

2) бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k_1-2):

бірінші деңгейдегі капиталдың:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің сомасына қатынасымен;

3) меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті (k_2):

меншікті капиталдың:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің сомасына қатынасымен сипатталады.

K_1 , k_1-2 және k_2 коэффициенттерінің есебіне алынатын тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер ХҚЕС-ке сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегере отырып, алынады.

Консервациялық буферді және жүйелік буферді ескере отырып, меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәні және капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәні Нормативтерге 3-қосымшада белгіленген.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне қосымша мынадай меншікті капитал буферлерінің мәндері белгіленеді:

консервативтік буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және мыналарды:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1 (бір) пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1 (бір) пайыз;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2 (екі) пайыз;

жүйе құраушы банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - 3 (үш) пайыз құрайды;

қарсы циклдік буфер, оны енгізу мөлшері мен мерзімдерін уәкілетті орган қарсы циклдік буферді есептеу басталған күнге дейін кем дегенде 12 (он екі) ай бұрын белгілейді. Қарсы циклдік буфер мөлшерінің диапазоны тәуекелдер ескеріле отырып сараланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызына дейінгі аралықты құрайды;

жүйелік буфер, оны есептеуге қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10210 тіркелген "Қаржы ұйымдарын жүйе құраушылар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 257 қаулысына сәйкес танылған жүйе құраушы банктерге қолданылады. Жүйелік буферге қойылатын талап 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты негізде орындалады және тәуекелдерді ескере отырып, сараланған активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды;

реттеуші буфер Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен ХҚЕС және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес банктің бухгалтерлік есебінде қалыптастырылған және көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырманың (бұдан әрі – оң айырма) арасындағы оң айырма ретінде есептеледі:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел.

Оң айырманы есептеу мақсаттары үшін Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес провизияларды (резервтерді) есептеудің соңғы күнінен кейін толық өтелген және (немесе) есептен шығарылған қарыздар және дебиторлық берешек бойынша провизиялар (резервтер) сомасына ай

Оң айырма Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес заемдар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес провизиялар (резервтер) оларды есептеудің соңғы күніне есептелген заемдар және дебиторлық берешек бойынша есептеледі.

Оң айырманы есептеген кезде Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизиялар сомасы провизияларды (резервтерді) ескермегенде қарыз және (немесе) дебиторлық берешек бойынша берешектен аспайтын мөлшерде енгізіледі.

Уәкілетті органды тексеру нәтижелері бойынша түзетілген оң айырма есепті айдан кейінгі есепті күннен бастап реттеуші буферді есептеу кезінде ескеріледі.

Егер k_1 , k_1-2 және k_2 коэффициенттерінің нақты мәндері осы Нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес белгіленген Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәндерінен төмен емес, бірақ бұл ретте көрсетілген коэффициенттердің кез келгені меншікті капитал буферлерін (реттеуші буферді қоспағанда) ескере отырып, коэффициенттердің белгіленген мәндеріне қарағанда төмен болса, онда банктің бөлінбеген таза кірісін пайдалануға, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, дивиденд төлеуді және акцияларды кері сатып алуды тоқтату бөлігінде Нормативтердің 4-қосымшасына сәйкес Бөлінбеген таза кірісті шектеудің ең төменгі мөлшеріне сәйкес шектеу қойылады.

Оң айырмасы бар және Нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне сәйкес белгіленгеннен төмен емес капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің (k_1 , k_1-2 және k_2) нақты мәндеріне ие, бірақ бұл ретте көрсетілген коэффициенттердің кез келгені меншікті капитал буферлерін ескере отырып, капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің белгіленген мәндерінен төмен болған банктерге, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда дивидендтер төлеуді және акцияларды кері сатып алуды тоқтату бөлігінде Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Бөлінбеген таза табысты шектеудің ең төменгі мөлшеріне сәйкес бөлінбеген таза табысты пайдалануға шектеу қойылады.

Осы тармақтың оныншы бөлігінде көзделген жағдай туындаған кезде банк және (немесе) оның акционерлері, банк холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары төмендегілермен шектелмей, мынадай ақпаратты қамтитын іс-шаралар жоспарын әзірлейді және мақұлдау үшін уәкілетті органға ұсынады:

оның ішінде жарғылық капиталды толықтыруды және (немесе) таза бөлінбеген пайданы ұлғайтуды және (немесе) акционерлердің күмәнді және (немесе) үмітсіз

активтерді сатып алуын қамтитын оң айырманы жабу үшін жеткілікті деңгейге дейін Банкті капиталдандыру жөніндегі іс-шаралар;

мынадай шараларды қоса алғанда, активтердің сапасын кезең-кезеңмен жақсарту және проблемалық берешекті қайтару жөніндегі 5 жылдан аспайтын мерзімге арналған іс-шаралар:

кепілмен қамтамасыз ету есебінен проблемалық берешекті өтеу және оны кейіннен іске асыру не қосымша кепілмен қамтамасыз етуді қабылдау;

бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының, коллекторлық агенттіктерге, банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымдарға, Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талап етуді) іске асыру және (немесе) басқаға беру;

активтерді үшінші тұлғаларға өткізу және (немесе) беру;

банктің уәкілетті органы бекіткен банктің даму стратегиясын ескере отырып жасалған, әрбір жыл бөлінісінде кемінде 5 жыл кезеңге банктің қаржылық моделі;

іс-шаралар жоспарының қолданылу кезеңінде банк және (немесе) оның акционерлері, банк холдингі және (немесе) ірі қатысушылар қабылдайтын міндеттемелер;

іс-шаралар жоспарын орындау мерзімдері;

іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты басшы қызметкерлердің тізбесі (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындауға жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып).

Есепті кезеңде іс-шаралар жоспары асыра орындалған жағдайда келесі есепті кезеңде іс-шаралар жоспарының орындалуын есепке алуға жол беріледі.

Іс-шаралар жоспары сақталмаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қадағалау ден қою шараларын қолданады.

Меншікті капитал буферлерін ескере отырып, меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне Нормативтердің 7-тармағына сәйкес негізгі капитал компоненттерінің есебінен қол жеткізіледі.

Нормативтердің осы тармағының талаптарына сәйкес есептелген меншікті капитал буферлерінің мөлшері бухгалтерлік есепте көрсетілмейді.

Меншікті капитал жеткіліктілігі нормативтерінің және меншікті капитал буферлерінің (реттеуші буферді қоспағанда) мәндерін уәкілетті орган кемінде 3 (үш) жылда бір рет қайта қарайды.";

1-қосымшаға сәйкес қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануына арналған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауда:

1-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк активтері бойынша провизиялардың (резервтердің) кейінгі есебі 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша алты айда кемінде 1 (бір) рет кезеңділікпен жүзеге асырылады."

2-қосымшаға сәйкес редиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі Тізбенің 7-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банктің шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі Тізбенің 8-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

9. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес нысан бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерінің ұлғаю сомасына сәйкес қайта сақтандырушының рейтингтік

бағасына немесе өткен есепті күнгі Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәніне байланысты, қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қайта сақтандыруға берілетін (берілген) міндеттемелер сомасына ұлғаяды.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Егер "ауырған жағдайда сақтандыру" және "туристі міндетті сақтандыру" сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақылары сомасының үлесі есепті күні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астам болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең төмен мөлшері 30 (отыз) пайызға азаяды.";

32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Облигациялар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17884 болып тіркелген "Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны ұсыну және қарау, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны қарау үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, мемлекеттік емес облигацияларды өтеу қорытындылары туралы хабарламаны жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 248 қаулысымен бекітілген облигациялар шығарылымын орналастыру қорытындысы туралы есептің негізінде ғана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының реттелген борышы болып танылады және нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеуге енгізіледі.";

34-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, активтері құнының есебіне мыналар кіреді:

1) ақша:

қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 38-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 38 - тармағының 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша – осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп беру тізбесіне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебінде көрсетілген көлемде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

2) Нормативтердің 38 - тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар-осы қаулымен белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп беру тізбесіне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебінде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 38 - тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған салымдар-осы қаулымен белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп беру тізбесіне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебінде көрсетілген көлемде;

4) Нормативтердің 38-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін резидент емес банктерде орналастырылған салымдар - осы қаулымен белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп беру тізбесіне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебінде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 38-тармағы 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары - осы қаулымен белгіленген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есеп беру тізбесіне, нысандарына, мерзімдеріне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің есебінде көрсетілген көлемде;

6) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының акциялары - баланстық құнының 100 (жүз) пайызы көлемінде;

7) "Өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтанушыларына беретін қарыздар - негізгі борыш сомасының 100 (жүз) пайызы көлемінде;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал - жабдықтар-баланстық және нарықтық құндардың ең аз мөлшерінің 100 (жүз) пайызы көлемінде.

Пруденциалдық нормативтерді есептеу кезінде ескерілетін негізгі құралдардың нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы олардың құнын бағалаушыда жылына кемінде бір рет бағалау жүргізеді;

9) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

материалдық емес активтер: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз ету - жинақталған амортизацияны ескере отырып өзіндік құн мөлшерінде және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерде;

10) қайта сақтандыру активтерін шегергендегі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада қайта сақтандырушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;

11) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде көзделген айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаған бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеу бойынша бағалы қағаздардың эмитенттеріне қойылатын талаптар (бағалы қағаздардың

шығарылым проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі сақтандыру резервтерінің сомасына өтімділігі жоғары активтер құнының қатынасы ретінде мынадай формула бойынша есептелетін өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативін сақтайды:

ЖА

$N_{жа} = \frac{ЖА}{СР} > 1$, мұнда:

СР

$N_{жа}$ – өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативі;

ЖА – Нормативтердің 38-тармағында көрсетілген өтімділігі жоғары активтердің құны (РЕПО операциялары бойынша міндеттемелерді шегергенде);

СР – сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген, соңғы есепті айдың соңындағы қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы. Сақтандыру резервтерінің сомасы уәкілетті органға ай сайынғы қаржылық және өзге де есептілікті ұсынған күнге дейін пайдаланылады (есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін, өткен есепті айдағы сақтандыру резервтерінің сомасы пайдаланылады).

Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативі 1 (бірден) кем болмауы тиіс."

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мынадай активтері өтімділігі жоғары активтер ретінде танылады:

1) қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада болатын кассадағы ақшасы;

2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы;

3) Нормативтердің осы тармағының 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді инвестициялық басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы;

5) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған, мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін салымдары:

акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізіміндегі эмитенттер болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

Қазақстан Республикасының резиденттері-бас банктері, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-еншілес банктері болып табылады;

б) халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған, Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар, Еуразия Даму Банкінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен орналастырылған салымдар;

7) бейрезиденттер-банктерде орналастырылған, Standard & Poor's агенттігінің "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар;

8) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланған);

9) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;

10) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;

11) "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған борыштық бағалы қағаздар;

12) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

13) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының шетел валютасына номинирленген және "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

14) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

15) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA-" төмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ "Қазақстанның Даму Банкі" шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына номинирленген борыштық бағалы қағаздар;

16) шет мемлекеттердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздары;

17) шетелдік эмитенттердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің рейтингі бар (эмитентінде бар) мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

18) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

19) заңды тұлғалардың қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

20) Қазақстан Республикасының резиденттері – заңды тұлғалардың шетел валютасына номинирленген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары;

21) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі

рейтингі бар акциялары және базалық активтері осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

22) инвестициялық қорлардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздары;

23) активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF) пайлары;

24) Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;

25) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі және Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

26) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

27) тазартылған бағалы металдар және металл депозиттер;

28) бағалы қағаздардың эмитенттеріне бағалы қағаздардың номиналдық құны бойынша қойылатын, бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде көзделген олардың айналыс мерзімінің (бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) аяқталуына байланысты туындаған талаптар.

Нормативтердің мақсаты үшін негізгі қор индекстері ретінде мынадай есептік көрсеткіштер (индекстер) түсініледі:

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index).

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 6-кестесіне сәйкес нысан бойынша Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін есептеуде көрсетілген көлемде өтімділігі жоғары активтер есептеуіне енгізіледі.

39. Нормативтердің мақсаты үшін халықаралық қаржы ұйымдары ретінде мына ұйымдар түсініледі:

Азиялық даму банкі (Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (Inter-American Development Bank);

Африкалық даму банкі (African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропа инвестициялық банкі (European Investment Bank);

Еуропа Кеңесінің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Жеке секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорация (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector);

Ислам даму банкі (Islamic Development Bank);

Жан-жақты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);

Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);

Халықаралық есеп айырысу банкі (the Bank for International Settlements);

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (International Finance Corporation).";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша активтерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің сомасын есептеу үшін мыналар есепке алынбайды:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншік құқығы шектелген активтер (РЕПО операцияларын қоспағанда.

РЕПО операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнының есебіне олардың сапасы және өтімділігі бойынша сыныпталуы ескеріле отырып, Тізбеге 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сапасы және өтімділігі бойынша сыныпталуы ескерілген есебінде көрсетілген көлемде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсынудың осы қаулыда бекітілген нысандар, мерзімдер бойынша кіреді.

Кері РЕПО операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің есебіне Тізбеге 1-қосымшаның 6-кестесіне сәйкес нысан бойынша Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілік нормативінің есебінде көрсетілген көлемде, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсынудың осы қаулыда бекітілген нысандар, мерзімдер бойынша кіреді;

2) екінші деңгейдегі банктерде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі және Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzA+" төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі болатын жағдайларды қоспағанда, Заңға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары немесе сақтандыру холдингтері болып табылатын немесе оларда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысы немесе сақтандыру холдингі болып табылатын екінші деңгейдегі банктердегі салымдар және ағымдағы шоттар;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар.";

41-тармақ алып тасталсын;

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерді әртараптандырудың мынадай нормативтерін сақтайды:

1) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банкі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банкі болып табылатын екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде)

инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 20 (жиырма) пайыздан көп емес;

2) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан "B+"-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын қосқанда), салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 15 (он бес) пайыздан көп емес;

3) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

4) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің қатысуымен күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге (қор биржасының сауда жүйесінде) жасалатын "кері РЕПО" мәмілелері – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 30 (отыз) пайыздан көп емес;

6) тазартылған бағалы металдарға және металл депозиттерге 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жиынтық орналастыру – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

7) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларға берілген қарыздардың жиынтық мөлшері – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

8) шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

9) Нормативтердің 39-тармағында тізбесі белгіленген халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

10) Нормативтердің 38-тармағы 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

11) ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 5 (бес) пайыздан көп емес;

12) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

13) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағы 25) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің бір эмиссиясындағы облигациялардың жалпы көлемінен 25 (жиырма бес) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген активтердің әртараптандыру нормативтерін есептеу кезінде екінші деңгейдегі банктің және оның үлестес тұлғаларының активтеріне жиынтық орналастыру үлестес тұлғалардың осы тобына активтерді орналастырудың барынша рұқсат етілген лимитіне байланысты нормативтердің біреуінде көрінеді.";

45-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) РЕПО мәмілелері автоматты тәсілмен жасалады.";

46-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Топтық сақтандыру кезінде, сондай-ақ қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру, туристі міндетті сақтандыру шарттары бойынша осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген есептеу әрбір сақтандырылушы бойынша жеке жүргізіледі.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. "Жазатайым оқиғалардан сақтандыру", "ауырған жағдайда сақтандыру", "туристі міндетті сақтандыру", "өмірді сақтандыру", "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша тұрақтандыру резерві 0 (нөлге) тең болады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесінде, нысандарында, табыс ету мерзімдерінде:

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Күтілмеген тәуекелдер резервін есептеу туралы есеп Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тұрақтандыру резервін есептеу туралы есеп Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін орындау туралы есеп Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары заңды тұлғалардың сатып алатын акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) мынадай талаптарға сәйкес келген кезде заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алады:

1) әділ құнын бағалау үшін қажет белсенді нарықтың баға белгілеуі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

2) Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

3) Қазақстан Республикасының резиденттері заңды тұлғалардың шетел валютасына номинирленген, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

4) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің негізі қор индекстерінің құрамына енгізілген акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

5) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының акциялары.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингі және рейтингтік агенттіктердің тізбесінде:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған облигациялар бойынша Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес немесе ұлттық шкаласы бойынша "kzBB-" рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch рейтингтік агенттіктерінің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының(акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына мынадай қаржы құралдарын (акцияларды және жарғылық капиталға қатысу үлестерін қоспағанда) сатып алуға рұқсат етіледі:

1) мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар:

банктер акциялары қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "акциялары" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады;

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттіктерінің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

банктер Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банкінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес банктер болып табылады;

2) халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған, Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар, Еуразия Даму Банкінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен орналастырылған салымдар;

3) бейрезиденттер-банктерде орналастырылған, Standard & Poog's агенттігінің "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар;

4) басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздар;

6) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;

7) "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар борыштық бағалы қағаздар;

9) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

10) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының шетел валютасына номинирленген және "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар:

Азиялық даму банкі (Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (Inter-American Development Bank);

Африкалық даму банкі (African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропа инвестициялық банкі (European Investment Bank);

Еуропа Кеңесінің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Жеке секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорация (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector);

Ислам даму банкі (Islamic Development Bank);

Жан-жақты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);

Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);

Халықаралық есеп айырысу банкі (the Bank for International Settlements);

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (International Finance Corporation);

12) мемлекеттік мәртебесі бар, шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздар;

13) шет мемлекеттердің эмитенттері шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;

14) тазартылған бағалы металдар және металл депозиттер;

15) инвестициялық қорлардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілген бағалы қағаздары;

16) активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олардың пайлары бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланыстырылған Exchange Traded Funds (ETF) пайлары;

17) Morningstar рейтингтік агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;

18) бағалы қағаздардың және (немесе) эмитенттің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

19) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары."

10. "Ұлттық пошта операторы үшін пруденциялық нормативті, сондай-ақ оның орындалуы туралы есептіліктің нысанын, табыс ету мерзімін белгілеу туралы"

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14786 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы есепке Ұлттық пошта операторының бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе олардың орнындағы адамдар қол қояды және Ұлттық пошта операторында сақталады.

Электрондық форматта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін Ұлттық пошта операторының бірінші басшысы, бас бухгалтер немесе олардың орнындағы адамдар қамтамасыз етеді.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пруденциялық нормативтің орындалуы туралы есеп тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

11. "Пруденциялық нормативтерді және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ оларды орындау туралы есептілігінің тізбесін, нысандары мен табыс ету қағидаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 308 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14788 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерде және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерде:

43-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялардың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 17274 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 139 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторына шолуды қалыптастыруға арналған мәліметтерді ұсынуы жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – № 139 нұсқаулық) сәйкес " басқа қаржы ұйымдары – код 5", мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – код 6", " мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – код 7", "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – код 8" деген экономика секторларына кіретін филиалдарының және өкілдіктерінің алдындағы қысқа мерзімді міндеттемелер;"

;

44-тармақтың екінші бөлігінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялардың № 139 нұсқаулыққа сәйкес "басқа қаржы ұйымдары – код 5", мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – код 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – код 7", "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – код 8" деген экономика секторларына кіретін филиалдарының және өкілдіктерінің алдындағы міндеттемелер;"

45-тармақтың екінші бөлігінің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік компаниялардың № 139 нұсқаулыққа сәйкес "басқа қаржы ұйымдары – код 5", мемлекеттік қаржылық емес ұйымдар – код 6", "мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдар – код 7", "үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – код 8" деген экономика секторларына кіретін филиалдарының және өкілдіктерінің алдындағы міндеттемелер;"

көрсетілген қаулыға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп Тізбеге 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 167 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15863 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Зейнетақы активтерінің құны туралы есеп Тізбеге 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымы туралы есеп Тізбеге 18-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сыртқы басқарудағы активтер туралы есеп Тізбеге 19-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке

зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 20-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының көлемі және жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 21-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 22-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 23-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының облыстары бойынша міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі (салымшының/алушының тұрғылықты жері бойынша) және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 24-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының көлемі және Қазақстан Республикасының облыстары бойынша жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарының саны (жеке тұлғаның тұрғылықты жері бойынша) туралы есеп Тізбеге 25-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының облыстары бойынша ерікті зейнетақы жарналары салымшыларының /алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі (салымшының/алушының тұрғылықты жері бойынша) және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 26-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының облыстары бойынша міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары салымшыларының/алушылардың зейнетақы жинақтарының көлемі (салымшының/алушының тұрғылықты жері бойынша) және жеке зейнетақы шоттарының саны туралы есеп Тізбеге 27-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп Тізбеге 28-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдері туралы есеп Тізбеге 29-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Меншікті активтер есебінен сатып алынған бағалы қағаздар туралы есеп Тізбеге 30-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Меншікті активтер есебінен жасалған кері репо және репо операциялары туралы есеп Тізбеге 31-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Меншікті активтер есебінен орналастырылған салымдар мен ақша және ақша қаражатының баламалары туралы есеп Тізбеге 32-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар туралы есеп Тізбеге 33-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Меншікті активтерді инвестициялау бойынша жасалған мәмілелер туралы есеп Тізбеге 34-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Дефолтқа жол берген эмитенттердің зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша есеп Тізбеге 35-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

13. "Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерінде, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерінде:

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Банктің меншікті капитал жеткіліктілігі мынадай коэффициенттермен сипатталады:

1) k1 негізгі капитал жеткіліктілігі коэффициенті:

негізгі капиталдың:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел сомасына қатынасы;

2) k1-2 бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігі коэффициенті:

бірінші деңгейдегі капиталдың:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел сомасына қатынасы;

3) k2 меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті:

меншікті капиталдың:

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер

операциялық тәуекел сомасына қатынасы.

k1, k1-2 және k2 коэффициенттерінің есебіне қабылданатын тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - ХКЕС) сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегере отырып енгізіледі.

Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері Нормативтерге 2-қосымшаға сәйкес Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне сәйкес белгіленген мәндердің сомасы ретінде айқындалады.

Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне қосымша меншікті капитал буферлерінің мынадай мәндері белгіленеді:

консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және мынадай болады:

барлық банктер үшін:

барлық банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1 (бір) пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1 (бір) пайыз;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2 (екі) пайыз;

жүйе құраушы банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - 3 (үш) пайыз;

мөлшері мен енгізу мерзімдері Қалыптарда қарсыциклдық буферді есептеуді бастау күніне дейін кемінде 12 (он екі) ай бұрын белгіленетін қарсыциклдық буфер. Қарсыциклдық буфер мөлшерінің диапазоны тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызына дейін құрайды;

жүйелік буфер, оның есептелуіне қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10210 болып тіркелген Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 257 қаулысымен бекітілген Қаржы ұйымдарын жүйе құраушылар қатарына жатқызу қағидаларына сәйкес жүйе құраушы деп танылған банктерге қолданылады. Жүйелік буферге қойылатын талап 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты негізде орындалады және тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды;

реттеуші буфер Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауға сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен ХҚЕС және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптастырылған және банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырманың (бұдан әрі – оң айырма):

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің;

операциялық тәуекелдің сомасына қатынасы ретінде есептеледі.

Оң айырманы есептеу мақсаты үшін Қалыптардың 1-қосымшасындағы Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауға сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) ай сайын Қалыптардың 1-қосымшасындағы Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауға сәйкес соңғы есептелген күннен кейінгі мерзімдегі провизиялар (резервтер) толығымен өтелген және (немесе) есептен шығарылған қарыздар және дебиторлық берешектер бойынша провизиялардың (резервтердің) сомасына азайтылады.

Оң айырма Қалыптардың 1-қосымшасындағы Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауға сәйкес олар бойынша провизиялар (резервтер) олардың есебінің соңғы күніне есептелген қарыздар және дебиторлық берешектер бойынша есептеледі.

Оң айырманы есептеген кезде Қалыптардың 1-қосымшасындағы Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауға сәйкес есептелген провизиялар сомасы провизияларды (резервтерді) есепке алусыз қарыз және (немесе) дебиторлық берешек бойынша берешектің сомасынан аспайтын мөлшерде қосылады.

Уәкілетті органның тексеру нәтижелері бойынша түзетілген оң айырма есепті айдан кейінгі есепті күннен бастап реттеуші буферді есептеу кезеңінде ескеріледі.

Егер банк капиталының k1, k1-2 және k2 коэффициенттерінің нақты мәндері Нормативтерге 2-қосымшаға Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне сай белгіленгеннен төмен болмаса, бірақ бұл ретте көрсетілген коэффициенттерінің кез келгені меншікті капитал буферлері (реттеуші буферді қоспағанда) есептелген капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің белгіленген мәндерінен төмен болса, онда "Акционерлік қоғамдар туралы" 2013 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, дивидендтер төлеуді және акцияларды кері сатып алуды тоқтату бөлігінде Нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес Бөлінбеген таза кірісті шектеудің ең төмен мөлшеріне сәйкес банктің бөлінбеген таза кірісін пайдалануға шектеу қойылады.

Оң айырмасы бар және капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің нақты мәндері (k1, k1-2 и k2) Нормативтерге 2-қосымшаға сәйкес Капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне сай белгіленгеннен төмен емес, бірақ бұл ретте көрсетілген коэффициенттерінің кез келгені меншікті капитал буферлері есептелген капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің белгіленген мәндерінен төмен банктерге "Акционерлік қоғамдар туралы" 2013 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, дивидендтер төлеуді және акцияларды кері сатып алуды тоқтату бөлігінде Нормативтерге 3-қосымшаға сәйкес Бөлінбеген таза кірісті шектеудің ең төмен мөлшеріне сәйкес бөлінбеген таза кірісті пайдалануға шектеу қойылады.

Осы тармақтың оныншы бөлігінде көзделген жағдай туындаған кезде банк және (немесе) оның акционерлері, банктік холдинг және (немесе) оның ірі қатысушылары төмендегілермен шектемей, мынадай ақпарат қамтылатын іс-шаралар жоспарын әзірлейді және мақұлдау үшін уәкілетті органға ұсынады:

банкті оң айырманы жабу үшін жеткілікті деңгейге дейін капиталдандыру жөніндегі , оның ішінде жарғылық капиталды толықтыру және (немесе) бөлінбеген таза пайданы ұлғайту және (немесе) акционерлердің күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерді сатып алуы қамтылатын іс-шаралар туралы;

мынадай:

проблемалық берешекті кепілмен қамтамасыз ету есебінен өтеу және оны кейінен іске асыру не кепілмен қосымша қамтамасыз етуді қабылдау;

банктік қарыз шарты бойынша құқықтары (талаптарды) іске асыру және (немесе) банктің бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйымына, коллекторлық агенттіктерге, банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфелінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымдарға, секьюритилендіру мәмілесін жасау кезінде Қазақстан Республикасының қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясына қайта беру;

активтерді үшінші тұлғаларға өткізу және (немесе) беру шаралары қамтылатын, активтердің сапасын біртіндеп жақсарту және проблемалық берешекті қайтару жөніндегі, мерзімі 5 жылдан аспайтын іс-шаралар туралы;

банктің уәкілетті органы бекіткен банктің дамытудың стратегиясы ескеріле отырып, әрбір жыл бойынша кемінде 5 жыл кезеңге жасалған банктің қаржылық моделі туралы;

іс-шаралар жоспарының қолданылу кезеңінде банк және (немесе) оның акционерлері, банктік холдинг және (немесе) ірі қатысушылары қабылдайтын міндеттемелер туралы;

іс-шаралар жоспарының оның әрбір тармағы бойынша орындалу мерзімдері туралы ;

іс-шаралар жоспарын орындау үшін жауапты басшы қызметкерлерінің тізбесі туралы (іс-шаралар жоспарының оның әрбір тармағы бойынша орындау үшін жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып).

Есепті кезеңде іс-шаралар жоспары артық орындалған жағдайда, іс-шаралар жоспарының орындалуын келесі есептік кезеңде есепке алуға рұқсат етіледі.

Іс-шаралар жоспары сақталмаған жағдайда уәкілетті орган Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес қадағалап ден қою шараларын қолданады.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәніне меншікті капиталдың буферлері ескеріле отырып тізбесі Қалыптардың 10-тармағында белгіленген негізгі капитал құрауыштарының есебінен қол жеткізіледі.

Меншікті капитал буферлерінің Қалыптардың талаптарына сәйкес есептелген мөлшері бухгалтерлік есепте көрсетілмейді.

Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің және меншікті капитал буферлерінің мәндері, реттеуші буферді қоспағанда, 3 (үш) жылда 1 (бір) реттен жиі емес қайта қаралады.

7. Меншікті капитал бірінші деңгейдегі капитал мен екінші деңгейдегі капиталдың сомасы ретінде есептеледі.";

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) негізгі капитал:

Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Банк капиталының құрамындағы құралдарды сыныптауға арналған өлшемшарттарда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін төленген жай акциялардың;

қосымша төленген капиталдың;

өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасының;

ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасының;

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6793 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 31 қаңтардағы № 3 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, ипотекалық

ұйымдардағы және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарының (бұдан әрі – Үлгі шот жоспары) 3510 "Резервтік капитал" баланстық шотындағы қалдықтар сомасы ретінде айқындалатын жинақталған ашып көрсетілген резервтің;

негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау резервтерінің және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтерінің;

өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтерінің сомасы ретінде есептеледі;

мынадай:

меншікті сатып алынған жай акцияларды;

гудвиллді қоса алғанда, материалдық емес активтерді;

өткен жылдардың шығындарын және ағымдағы жылдың шығындарын;

алынатын уақыт айырмаларына қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық активтері бөлігін қоспағанда, кейінге қалдырылған салық активін;

басқа да қайта бағалау бойынша резервтерді;

активтерді секьюритилендіру бойынша транзакциялармен байланысты сатулардан түскен кірістерді реттеуіш түзетулер шегеріледі. Осындай кірістерге секьюритилендіру талаптарына қарай алынған болашақта толық немесе ішінара кірісті күтумен байланысты болашақтағы кезеңдердің кірісі жатады;

қаржы міндеттемесі бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты осындай міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен түсетін кірістерді немесе болатын шығындарды;

үстеме капиталдан шегерілетін, бірақ оның деңгейінің жеткіліксіз болуына байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер шегеріледі;

Қалыптардың 11-тармағында көрсетілген инвестицияларды реттеуіш түзетулер шегеріледі.";

25-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 0 (нөл) пайыздық коэффициент бойынша – Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігі бар бағалы қағаздар, тәуелсіз рейтингі Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері және орталық банктері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар түріндегі, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Егер мемлекет (уәкілетті орган, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган арқылы) немесе шет мемлекет 2 (екі) және одан да көп заңды тұлғаның ірі қатысушысы болса, осындай топқа қатысты тәуекел мөлшері, егер басқа ірі қатысушылар, сондай-ақ қарыз алушылардың осы тобына қатысты тәуекелдің мөлшерін бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері ретінде жиынтықты түрде есептеу қажет болатын Қалыптардың 54-тармағында белгіленген өзге де жағдайлар болмаса, бір қарыз алушыға келетін тәуекел мөлшері ретінде есептелмейді.";

57-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір қарыз алушыға келетін тәуекел есебіне мыналар кірмейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғаға, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына, "Стресттік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына қойылатын талаптар, банктің балансынан есептен шығарылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары, ХҚЕС-ке сәйкес резервтердің бір жүз пайызы қалыптастырылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар бойынша талаптар;

банктің еншілес ұйымға қоятын талаптары;

банктің Банктер туралы заңға сәйкес бұрын еншілес банк болған, қайта құрылымдауды және бір мезгілде активтер мен міндеттемелерді бас банкке беру операциясын жүзеге асырған заңды тұлғаға қоятын талаптары.";

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"65. Мыналар:

1) қолма-қол ақша;

2) орталық депозитарийдің шоттарындағы ақша;

3) клирингтік ұйымның (орталық контрагенттің) кепілдік немесе резервтік қорларындағы жарналар, маржалық жарналар, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ақша;

4) тазартылған бағалы металдар;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы және "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік

қоғамы шығарған бағалы қағаздар, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлға шығарған бағалы қағаздар;

6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар;

7) Ұлттық Банктегі, Қазақстан Республикасының банктеріндегі, сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің "BBB-" төмен емес ұзақмерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент-банктердегі талап етуге дейінгі салымдар;

8) Қазақстан Республикасының банктерінде, сондай-ақ Standard & Poor's агенттігінің "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент-банктерде бір түнге орналастырылған салымдар;

9) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16149 болып тіркелген "Облигацияларын банктер және банк холдингтері меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 234 қаулысында белгіленген деңгейден төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз ұзақ мерзімді рейтингі бар елдердің мемлекеттік бағалы қағаздары;

10) "BBB-" төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтингтік агенттіктерінің сыныптауы бойынша) немесе "Baа3" төмен емес (Moody's Investors Service рейтингтік агенттігінің сыныптауы бойынша) рейтингі бар шетелдік эмитенттердің облигациялары;

11) Ұлттық Банктегі өтеу мерзімі күнтізбелік 7 (жеті) күнге дейінгі мерзімді депозиттер;

12) Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BBB-"-тен төмен емес ұзақмерзімді борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент-банктеріне берілген "овернайт" қарыздары өтімділігі жоғары активтердің есебіне қосылады.";

75-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарына қойылатын талаптар, оның ішінде талаптары Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес 20 (жиырма) пайыз кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін, Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары шығарған бағалы қағаздар (Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының жергілікті атқару органдары шығарған бағалы қағаздарды қоспағанда);";

80-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қолжетімді тұрақты қорландырудың мөлшері бухгалтерлік баланс деректеріне сәйкес міндеттемелердің және Қалыптардың 11-тармағында көрсетілген инвестицияларды шегергенге дейінгі меншікті капиталдың Нормативтерге 15-қосымшаға сәйкес Қолжетімді тұрақты қорландыру міндеттемелерінің кестесінде белгіленген қолжетімді тұрақты қорландыру коэффициенттеріне көбейтілген сомасы ретінде есептеледі.";

1-қосымшаға сәйкес Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқауда:

1-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Банк активтері бойынша провизияларды (резервтерді) келесі есептеу кемінде алты айда 1 (бір) рет кезеңділікпен 2018 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жүзеге асырылады.";

5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі Тізбеге 36-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8-қосымшаға сәйкес Халықаралық қор биржалары болып танылатын сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімі Тізбеге 37-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

15-қосымшаға сәйкес Қолжетімді тұрақты қорландыру міндеттемелерінің кестесі Тізбеге 38-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

14. "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Қағидалардың мақсаты үшін халықаралық қаржы ұйымдары деп мынадай ұйымдар түсініледі:

Азиялық даму банкі (Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (Inter-American Development Bank);

Африкалық даму банкі (African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропа инвестициялық банкі (European Investment Bank);

Еуропа Кеңесінің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Жеке секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорация (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector);

Ислам даму банкі (Islamic Development Bank);

Жан-жақты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);

Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);

Халықаралық есеп айырысу банкі (the Bank for International Settlements);

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (International Finance Corporation).";

мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. Қағидалардың мақсаты үшін негізгі қор индекстері деп мынадай есптік көрсеткіштер (индекстер) түсініледі:

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);

RTSI (Russian Trade System Index);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index).";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қағидалардың 11-тармағында көзделген өтімді активтер есебіне мыналар енгізілмейді:

1) инвестициялық портфельді басқарушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының меншік құқығы шектелген активтер (репо операцияларын қоспағанда);

Кері репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген көлемде инвестициялық портфельді басқарушының өтімді активтер есебіне енгізіледі;

2) параметрлері қор биржасының акциялар нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының ресми тізіміне (қор биржасының өкілдік тізімі) кіретін акцияларды қоспағанда, инвестициялық портфельді басқарушыға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар.

”;

Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтері мәндерінің есебі Тізбеге 39-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

15. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 8-1-тармақпен толықтырылсын:

"8-1. Қағидалардың мақсаты үшін негізгі қор индекстері деп мынадай есеп айырысу көрсеткіштері (индекстері) түсініледі:

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);

RTSI (Russian Trade System Index);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index).";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын :

"9. Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша, тиісті көлемде бағала қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген активтер брокердің және (немесе) дилердің өтімді активтері ретінде танылады.

10. Қағидалардың 9-тармағында көзделген өтімді активтер есебіне мыналар енгізілмейді:

1) брокердің және (немесе) дилердің меншік құқығы шектелген брокердің және (немесе) дилердің міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтер (репо операцияларын қоспағанда);

Кері репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша, тиісті көлемде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген көлемде брокердің және (немесе) дилердің өтімді активтер есебіне енгізіледі;

2) параметрлері қор биржасының акциялар нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне (қор биржасының өкілдік тізімі) кіретін акцияларды қоспағанда, брокерге және (немесе) дилерге қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын :

"15. Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша, тиісті көлемдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген ЕЖЗҚ-ның меншікті активтері ЕЖЗҚ-ның өтімді активтері ретінде танылады.

16. Қағидалардың 15-тармағында көзделген өтімді активтердің есебіне мыналар енгізілмейді:

1) ЕЖЗҚ-ның міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) ЕЖЗҚ-ның меншік құқығы шектелген активтер (репо операцияларын қоспағанда).

Кері репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (

немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген көлемде ЕЖЗҚ-ның өтімді активтерінің есебіне енгізіледі;

2) ЕЖЗҚ-ға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар;

3) ЕЖЗҚ-ның ірі акционерлеріне тиесілі ЕЖЗҚ-ның дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызын сенімгерлікпен басқарушылары және осы сенімгерлікпен басқарушылардың үлестес тұлғалары шығарған бағалы қағаздар;

4) ЕЖЗҚ-ға қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар және ағымдағы шоттар.

17-тармақ алып тасталсын;

24 және 25-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша, тиісті көлемдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген активтер ИПБ1 немесе ИПБ2-ның өтімді активтері ретінде танылады.

25. Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген ИПБ1 немесе ИПБ2 өтімді активтердің есебіне мыналар енгізілмейді:

1) ИПБ1 немесе ИПБ2-ның міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) ИПБ1 немесе ИПБ2 меншік құқығы шектелген активтер (репо операцияларын қоспағанда);

Репо операцияларының мәні болып табылатын бағалы қағаздар Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебінде көрсетілген көлемде ИПБ1 немесе ИПБ2 өтімді активтерінің есебіне енгізіледі;

2) параметрлері қор биржасының акциялар нарығының индексін есептеу мақсатында пайдаланылатын қор биржасының тізіміне кіретін акцияларды қоспағанда, ИПБ1 немесе ИПБ2-ге қатысты үлестес тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар (қор биржасының өкілдік тізімі).";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"27. Брокер және (немесе) дилер, ЕЖЗҚ, ИПБ1 немесе ИПБ2 Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебін ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.";

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның пруденциялық нормативтері мәндерінің есебі Тізбеге 40-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2 және 3-қосымшалар алып тасталсын.

16. "Банктің және банк конгломератының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 317 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18186 болып тіркелген, 2019 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың бірінші бөлігінің 9) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларында:

6-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті органның стрестік сценарийлері бойынша жыл сайын жүргізілетін стресс-тестілеу нәтижелері бойынша осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), және 7) тармақшаларында көзделген факторлар анықталған кезде;

3) тиісінше өтімділік коэффициенттерін және меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін бұзуға байланысты қолданылған қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) банктің тәуекелдерін барынша азайту жөніндегі шаралар шеңберінде уәкілетті органның қойған талаптарын банктің орындау, барлық банктік және өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұру кезеңінде осы қаулының 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген факторлар анықталған кезде, сондай-ақ уәкілетті органға банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыруға немесе таратуға рұқсат алуға өтінішхат берілген жағдайда ұсынылмайды.";

7-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің (банк конгломератының) қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесінде:

3-тармақтың бірінші бөлігінің 9) тармақшасы алып тасталсын.

17. "Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 318 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18180 болып тіркелген, 2019 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарийге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын :

"5. Орталық депозитарий жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызмет туралы ақпаратты ұсынады.

6. Орталық депозитарий жылына кемінде бір рет орталық депозитарийдің қызметі ұшыраған тәуекелдер бойынша стресс-тестингті есептейді.

Орталық депозитарийдің қызметі ұшыраған тәуекелдер бойынша стресс-тестинг нәтижелері орталық депозитарийдің ішкі құжаттарына сәйкес ресімделеді және мынадай ақпаратты қамтиды:

стресс-тест сценарийінің сипаттамасы;

таңдап алынған стресс-тест сценарийіне негіздеме;

стресс-тестинг нәтижелері бойынша ұсынымдар.";

11-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) орталық депозитарий өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді қоса алғанда, орталық депозитарийдің бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етуінің жыл сайынғы ішкі аудитін жүргізу;"

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын :

"7) Орталық депозитарийдің сенімгерлік басқаруға берілген меншікті активтерін қоспағанда, Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Орталық депозитарийдің меншікті активтерінің есебінен қаржы құралдарымен мәмілелерді жүзеге асыру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес орталық депозитарийдің меншікті активтерін қаржы құралдарына инвестициялау;"

17-тармақтың 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бөлімше басшыларының ішкі құжаттарда белгіленген нысан бойынша және кезеңділікпен бөлімшелердің қызметтерінің нәтижелері туралы толық есептерін тексеру;"

3-қосымша алып тасталсын;

4-қосымшаға сәйкес Тәуекелді сәйкестендіруге, өлшеуге, бағалауға, бақылауға және мониторингіне қойылатын талаптар Тізбеге 41-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымшаға сәйкес Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ішкі құжаттарына қойылатын талаптар Тізбеге 42-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

18. "Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы

есептілігін табыс ету қағидаларын, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сондай-ақ исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18293 болып тіркелген, 2019 жылғы 20 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерінде:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын :

"3. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына арналған пруденциялық нормативтер және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттер:

жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшерін;

төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін;

өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін;

активтерді әртараптандыру нормативтерін;

исламдық сақтандыру, исламдық қайта сақтандыру, исламдық қоса сақтандыру (исламдық бірлесіп сақтандыру) шарты (шарттары) бойынша исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті ұстап қалуының мөлшерін есептеуді қамтиды."

;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшері осы қаулымен белгіленген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес нысан бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерінің ұлғаю сомасына сәйкес исламдық қайта сақтандырушының рейтингтік бағасына немесе Қазақстан Республикасының резиденті - қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәніне байланысты, қолданыстағы исламдық қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері - исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қайта сақтандыруға берілетін (берілген) міндеттемелер сомасына ұлғаяды.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Егер "ауырған жағдайда сақтандыру" және "туристі міндетті сақтандыру" сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақылары сомасының үлесі есепті күні қолданыстағы исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан көп болса, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін кепілдік беру қорының ең төменгі мөлшері 30 (отыз) пайызға азаяды.";

32-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын :

"32. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, олардың құнының есебіне мыналар кіреді:

1) ақша:

исламдық қайта сақтандыру активтерін шегергенде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомадағы кассадағы ақша - баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 34-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша - баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 34-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша - осы қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып есептеуде көрсетілген көлемде;

бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі шоттарындағы исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

2) Нормативтердің 34-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар - осы қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына,

табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып есептеуде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 34-тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес халықаралық қаржы ұйымдарына орналастырылған салымдар - осы қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып есептеуде көрсетілген көлемде;

4) Нормативтердің 34-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес бейрезидент банктерге орналастырылған салымдар - осы қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып есептеуде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 34-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары - осы қаулыда белгіленген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 5-кестесіне сәйкес нысан бойынша Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін олардың сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып есептеуде көрсетілген көлемде;

6) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының акциялары - баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде;

7) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомадағы жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал-жабдықтар – баланстық және нарықтық құнның ең аз мөлшерінен 100 (бір жүз) пайыз көлемінде кіреді;

Пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде ескерілетін негізгі құрал-жабдықтардың нарықтық құнын айқындау мақсатында исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы олардың құнын бағалаушыда жылына кемінде 1 рет бағалауды жүргізеді;

8) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

материалдық емес активтер: исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз ету -

жинақталған амортизацияны ескере отырып және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын өзіндік құн мөлшерінде;

9) исламдық қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасының 10 (он) пайыздан аспайтын сомадағы сақтандыру сыйлықақылары;

10) бағалы қағаздардың эмитенттеріне бағалы қағаздар шығару проспектісінде көзделген олардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаған бағалы қағаздардың номиналдық құнын төлеу бойынша талаптар (бағалы қағаздар шығару проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) - баланстық құнның 100 (бір жүз) пайызы көлемінде кіреді.";

34, 35, 36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мынадай активтері өтімділігі жоғары активтер ретінде танылады:

1) исламдық қайта сақтандыру активтерін шегергенде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасының 1 (бір) пайызынан аспайтын сомадағы кассадағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы;

3) Нормативтердің осы тармағының 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы;

5) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған, мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін салымдар:

акциялары қор биржасының ресми тізіміндегі "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас банктерінің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "А"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент-еншілес банктері болып табылады;

6) Standard & Poor's агенттігінің "АА"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына орналастырылған салымдар, Евразиялық Даму Банкіне орналастырылған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар;

7) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "BBB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктерге орналастырылған салымдар;

8) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған) ;

9) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;

10) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;

11) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес " Қазақстан Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдинг", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдар шығарған борыштық бағалы қағаздар;

12) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздары;

13) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шетел валютасымен номинирленген және "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасына жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздары;

14) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "В"-дан төмен емес рейтингтік бағасы (эмитенті бар)

немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздары;

15) Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-дан төмен емес халықаралық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық Даму Банкі шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен номинирленген борыштық исламдық бағалы қағаздар;

16) шетелдік мемлекеттердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B-"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық исламдық бағалы қағаздары;

17) шетелдік эмитенттердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B-" төмен емес рейтингтік бағасы бар (эмитентінде бар) немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздары;

18) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының және негізгі қор индекстерінің құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

19) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

20) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының шетел валютасымен номинирленген, "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасына жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары;

21) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының және шетелдік эмитенттердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B-"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

22) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;

23) Exchange Traded Funds (ETF) пайлары, активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олар бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты;

24) Morningstar рейтинг агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;

25) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B"-дан төмен емес рейтингтік бағасы (эмитентте бар) немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

26) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, бас ұйымдары Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "BBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

27) тазартылған бағалы қағаздар және металл депозиттер;

28) бағалы қағаздардың эмитенттеріне бағалы қағаздар шығару проспектісінде көзделген олардың айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаған бағалы қағаздардың номиналдық құнын төлеу бойынша талаптар (бағалы қағаздар шығару проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген).

Нормативтердің мақсаты үшін мынадай есептік көрсеткіштер (индекстер) негізгі қор индекстері болып табылады:

CAC 40 (Compagnie des Agents de Change 40 Index);

DAX (Deutscher Aktienindex);

DJIA (Dow Jones Industrial Average);

EURO STOXX 50 (EURO STOXX 50 Price Index);

FTSE 100 (Financial Times Stock Exchange 100 Index);

HSI (Hang Seng Index);

KASE (Kazakhstan Stock Exchange Index);

MSCI World Index (Morgan Stanley Capital International World Index);

MOEX Russia (Moscow Exchange Russia Index);

NIKKEI 225 (Nikkei-225 Stock Average Index);

RTSI (Russian Trade System Index);

S&P 500 (Standard and Poor's 500 Index);

TOPIX 100 (Tokyo Stock Price 100 Index);

NASDAQ-100 (Nasdaq-100 Index).

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары осы қаулымен белгіленген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 6-

кестесіне сәйкес нысан бойынша Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін есептеуде көрсетілген көлемде өтімділігі жоғары активтер есебіне енгізіледі.

35. Нормативтердің мақсаты үшін мына ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдары болып табылады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Еуропалық кеңестің даму банкі (the Council of Europe Development Bank);

Жеке секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорация (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector);

Исламдық даму банкі (the Islamic Development Bank);

Инвестицияларға кепілдік берудің көп жақты агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);

Скандинавия инвестиция банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);

Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);

Халықаралық есеп айырысулар банкі (the Bank for International Settlements);

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).

36. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы және өтімділігі бойынша активтерінің және исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтерінің сомасын есептеу үшін мыналар есепке алынбайды:

1) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын және (немесе) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншік құқығы шектеулі активтер;

2) банктерде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "BB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's ұлттық шкала бойынша "kzA+"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар жағдайларды қоспағанда, Заңға сәйкес исламдық сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары немесе исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушы немесе банк холдингі болып табылатын екінші деңгейдегі банктердегі салымдар және акциялар;

3) исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар.

37. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерді әртараптандырудың мынадай нормативтерін сақтайды:

1) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BB-"-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің "A-"-тен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас банкінің Қазақстан Республикасының резидент-еншілес банкі болып табылатын екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында исламдық бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 20 (жиырма) пайызынан аспайды;

2) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B"-дан "B+"-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында исламдық бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 15 (он бес) пайызынан аспайды;

3) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-"-тен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында исламдық бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

4) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларында исламдық бағалы қағаздарға және ақшаға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

5) тазартылған бағалы металдар мен металл депозиттерге күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жиынтық орналастыру - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

6) шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

7) Нормативтердің 35-тармағында тізбесі белгіленген халықаралық қаржы ұйымының исламдық бағалы қағаздарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

8) Нормативтердің 34-тармағы 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

9) ашық және интервалдық инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайды;

10) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды;

11) Нормативтердің 34-тармағы 25) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық баланстық құны - Нормативтердің 32-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды.

Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борыштық бағалы қағаздарға инвестициялары Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің бір эмиссиясындағы облигациялардың жалпы көлемінің 25 (жиырма бес) пайызынан аспайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген активтерді әртараптандырудың нормативтерін есептеу кезінде екінші деңгейдегі банктің және оның үлестес тұлғаларының активтеріне жиынтық орналастыру үлестес тұлғалардың осы тобында активтерді орналастырудың ең жоғары рұқсат етілген лимитіне қарай нормативтердің бірінде көрсетіледі.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"51. "Жазатайым оқиғалардан сақтандыру", "ауырған жағдайда сақтандыру", "туристі міндетті сақтандыру", "өмірді сақтандыру", "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша тұрақтандыру резерві 0 (нөлге) тең болады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесінде, нысандарында, табыс ету мерзімдерінде:

1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есебі Тізбеге 43-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Күтілмеген тәуекелдердің резервін есептеу туралы есеп Тізбеге 44-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тұрақтандыру резервін есептеу туралы есеп Тізбеге 45-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акциялары (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері) мынадай талаптарға сәйкес келген кезде заңды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алады:

1) әділ құнын бағалау үшін қажет белсенді нарықтың баға белгілеуі бар Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

2) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

3) Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының шетел валютасымен номинирленген, "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасына жария сауда-саттыққа жіберілген акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

4) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

5) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының акциялары.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына мынадай қаржы құралдарын (акцияларды және жарғылық капиталға қатысу үлестерін қоспағанда) сатып алуға рұқсат етіледі:

1) мынадай талаптардың біріне сәйкес келгенде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар:

банктер акциялары қор биржасының ресми тізіміндегі "Негізгі" алаңы "акциялар" секторының "премиум" санатына енгізілген немесе қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде тұрған эмитенттер болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "B-"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch агенттіктерінің, сондай-ақ олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктер;

банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "A-"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент еншілес банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент бас банкі болып табылады;

2) халықаралық қаржы ұйымдарына орналастырылған, Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар салымдар, Евразиялық Даму Банкіне орналастырылған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы салымдар;

3) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "BBB-"-дан төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктерге орналастырылған салымдар;

4) басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздар;

6) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық бағалы қағаздар;

7) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес "Қазақстан Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдинг", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдар шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар борыштық бағалы қағаздар;

9) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздары;

10) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының шетел валютасымен номинирленген және "Астана" Халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасына жария сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес борыштық исламдық бағалы қағаздары;

11) мынадай халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық исламдық бағалы қағаздар:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Еуропалық кеңестің даму банкі (the Council of Europe Development Bank);

Жеке секторды дамыту жөніндегі исламдық корпорация (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector);

Исламдық даму банкі (the Islamic Development Bank);

Инвестицияларға кепілдік берудің көп жақты агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency);

Скандинавия инвестиция банкі (the Nordic Investment Bank);

Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund);

Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association);

Халықаралық есеп айырысулар банкі (the Bank for International Settlements);

Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (the International Centre for Settlement of Investment Disputes);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);

12) мемлекеттік мәртебесі бар, шетелдік мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B-"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық исламдық бағалы қағаздар;

13) шетелдік эмитенттер шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B-"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес исламдық борыштық бағалы қағаздар;

14) тазартылған бағалы металдар және металл депозиттер;

15) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;

16) активтерінің құрылымы негізгі қор индекстерінің бірінің құрылымын қайталайтын немесе олар бойынша баға белгілеу негізгі қор индекстеріне байланысты Exchange Traded Funds (ETF) пайлары;

17) Morningstar рейтинг агенттігінің "3 жұлдыздан" төмен емес рейтингтік бағасы бар Exchange Traded Funds (ETF), Exchange Traded Commodities (ETC), Exchange Traded Notes (ETN) пайлары;

18) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "B"-дан төмен емес рейтингтік бағасы (эмитентте бар) немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's ұлттық шкаласы бойынша "kzBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкала бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары;

19) Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, бас ұйымдары Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкала бойынша "BBB"-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар исламдық қаржыландыру құралдары."

Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
I-қосымша

Бағалы қағаздар нарығында
брокерлік және (немесе)
дилерлік қызметті,
инвестициялық портфельді
басқару қызметін жүзеге
асыратын ұйымдарға арналған
тәуекелдерді басқару және ішкі
бақылау жүйесін қалыптастыру
қағидаларына
I-қосымша
Нысан

"Тәуекелдерді басқару жүйелеріне талаптардың орындалуын бағалау туралы есеп" _____

_____ (брокердің және (немесе) дилердің,
Басқарушының атауы) Есепті кезең: " _____ " жыл үшін

--	--	--	--	--	--

№	Қағидалардың тиісті абзацына, бөлігіне, тармақшасына, тармағына нұсқау	Қағидалардың талаптарына сәйкестікті бағалау	Анықталған кемшіліктер	Кемшіліктерді жою бойынша қабылданған (жоспарланған) іс-шаралар (іс-шараның мазмұны, орындалу мерзімі)	Жауапты орындаушылар (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), лауазымы, байланыс ақпарат)
1	2	3	4	5	6

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне талаптардың сәйкестігін бағалау:

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтаның мекенжайы _____

Тәуекелдерді басқару бөлімшесінің басшысы _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____

ҚОЛЫ _____

Бірінші басшы (не оның орнындағы адам) _____

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____

ҚОЛЫ _____

"Тәуекелдерді басқару жүйелеріне талаптардың орындалуын бағалау туралы есеп" нысанына қосымша

"Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау туралы есеп" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

Тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың орындалуын бағалау мынадай өлшемшарттарға қарай, үш балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады:

1) "сәйкес келеді" бағасы брокер және (немесе) дилер, Басқарушы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың өлшемшарттарын қандай да бір айтарлықтай кемшіліктерсіз орындаған кезде шығарылады;

2) "ішінара сәйкес келеді" бағасы брокердің және (немесе) дилердің, Басқарушының тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың нақты өлшемшарттарын сақтауға қол жеткізудегі қабілетіне қатысты айтарлықтай күмән пайда болу үшін жеткілікті деп саналмайтын кемшіліктер анықталған кезде шығарылады;

3) "сәйкес емес" деген баға брокер және (немесе) дилер, басқарушы тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптардың өлшемшарттарын орындамаған кезде шығарылады.

Егер тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын жекелеген талаптар брокерге және (немесе) дилерге, Басқарушыға қатысты қолданылуы мүмкін болмаған жағдайда, талаптың аталған өлшемшарттарына сәйкестігін бағалау жүзеге асырылмайды және " қолданылмайды" деген тиісті жазбамен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 41 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қаржы нарығын реттеу
мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін

Қазақстан Республикасының
нормативтік құқықтық
актілерінің тізбесіне
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаның күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 42 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне

7-қосымша

Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндеріне және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесіне

2-қосымша

Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтерінің кестесі

№	Баптардың атауы	Тәуекел деңгейі пайызбен
I топ		
1	Қолма-қол теңге	0
2	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3	Тазартылған бағалы металдар	0
4	Қазақстан Республикасының Үкіметіне қойылатын талаптар	0
5	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	0
6	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар	0
	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа	

7	рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	0
8	Standard & Poog's агенттігінің "AA -"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	0
9	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарына бюджетке салық және басқа төлемдер бойынша қойылатын талаптар	0
10	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	0
11	Ұлттық холдинг - оригинатор, Қазақстан Республикасының ұлттық басқарушы холдингі құрған исламдық арнайы қаржы компаниясы шығарған исламдық бағалы қағаздар	0
12	Standard & Poog's агенттігінің "AA -"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	0
13	Standard & Poog's агенттігінің "AA -"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	0
14	"Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар	0
15	Standard & Poog's агенттігінің "BBB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар банктерде ашылған	0

	корреспонденттік шоттар бойынша талаптар	
II топ		
16	Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
17	Standard & Poor's агенттігінің "A+" -тен "A-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	20
18	Standard & Poor's агенттігінің "A+" -тен "A-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	20
19	Standard & Poor's агенттігінің "A+" -тен "A-"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	20
20	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	20
21	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	20
22	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға қойылатын талаптар	20
	Standard & Poor's агенттігінің "A+" -тен "A-"-ке дейінгі тәуелсіз	

23	рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	20
24	Standard & Poor's агенттігінің "A+" -тен "A"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	20
25	Ұлттық басқарушы холдингке дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 (жүз) пайызы тиесілі заңды тұлға-оригинатор құрған ислам арнайы қаржы компаниясы шығарған Қазақстан Республикасының исламдық бағалы қағаздары	20
26	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	20
27	Standard & Poor's агенттігінің "AA-"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	20
III топ		
28	Тазартылмаған бағалы металдар	50
29	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	50
30	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі	50

	бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	
31	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	50
32	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен төмен еместен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	50
33	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен төмен еместен "A"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға қойылатын талаптар	50
34	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банкке ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	50
35	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары: (осы кестенің 52, 56, 57 және 58-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда) берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнын 50 (елу) пайызды қоса алғанда аспайды	35
	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары:	

36	(осы кестенің 52, 56, 57 және 58-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда) берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнынан 51 (елу бір) пайыздан бастап 85 (сексен бес) пайызға дейін қоса алғанда шекте болады	50
37	ХҚЕС-ке сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 51, 52, 53, 56, 57, 58 және 74-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	100
38	ХҚЕС-ке сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан астам және 50 (елу) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 51, 52, 53, 56, 57, 58 және 74-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	75
39	ХҚЕС-ке сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 50 (елу) пайыздан астам провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық қарыздарды және осы	50

	кестенің 51, 52, 53, 56, 57, 58 және 74-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	
40	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес шағын немесе орта кәсіпкерлікке жатқызылған субъектілерге берілген, мына критерийлерге сәкес келетін қарыздар: 1) қарыз сомасы меншікті капиталдан 0,02 (нөл бүтін жүзден екі) пайыз аспайды; 2) қарыз валютасы - теңге	75
41	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	50
42	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	50
43	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен бастап "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	50
44	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	50
45	"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	50
IV топ		
	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа	

46	рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	100
47	Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	100
48	Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	100
49	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	100
50	Standard & Poor's агенттігінің "A"-тен төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент ұйымдарға, тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент ұйымдарға қойылатын талаптар	100
	Standard & Poor's агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент ұйымдарға, тиісті	

51	рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдарға және Standard & Poog's агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейін борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан хеджирлеудің тиісті құралдарымен жабылмаған бейрезидент ұйымдарға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген қарыздар бойынша 1 (бір) жылдан астам мерзімі бар талаптар	200
52	Тәуекелдің III тобына енгізілгенді қоспағанда, жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін, оның ішінде тұтынушылық кредиттерге қойылатын талаптар	100
53	Тәуекелдің III тобына енгізілгенді қоспағанда және тиісті валюталық түсімі жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушы тарапынан хеджирлеудің тиісті құралдарымен жабылмаған жеке тұлғаларға шетел валютасымен 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген қарыздар бойынша 1 (бір) жылдан астам мерзімі бар талаптар	200
54	Standard & Poog's агенттігінің "BB-"-тен төмен борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poog's агенттігінің "BB+"-тен төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктерге ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	100
55	Басқа ипотекалық тұрғын үй қарыздары (осы кестенің 52, 56, 57 және 58-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда)	100

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке тұлғаларға берілген қамтамасыз етілмеген қарыздар, оның ішінде банк есептейтін мынадай критерийлердің біреуіне сәйкес келетін тұтынушылық кредиттер:

қарызды 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2016 жылғы 31 желтоқсан аралығында берген кезде:

1) қарыз алушы жеке тұлғаның орташа ай сайынғы кірісін есептеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірмені немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпаратты қолдана отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 9125 тіркелген "Қаржы ұйымдарының банк операцияларының жекелеген түрлерін және операцияларды жүргізуіне шектеулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 292 қаулысына (бұдан әрі - № 292 қаулы) сәйкес есептелген қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің деңгейі 0,35 асады;

2) берген күннің алдындағы соңғы 24 (жиырма төрт) ай үшін кез келген қолданыстағы немесе жабық қарыз және (немесе) ол бойынша сыйақының берешегі бойынша мерзімі өткен төлем күнтізбелік 60 (алпыс) күннен асады не төлем мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам 3 (үш) реттен артық кешіктірілсе. Банкте осы жолдың жоғарыда көрсетілген тармақшаларында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, жеке тұлғаларға берілген қарыздар қамтамасыз етілмеген болып танылады және осы жолға сәйкес кредиттік

	<p>тәуекел дәрежесі бойынша сараланады</p>	
<p>57</p>	<p>Жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген қамтамасыз етілмеген қарыздар, оның ішінде банк есептейтін мынадай критерийлердің біреуіне сәйкес келетін тұтынушылық кредиттер:</p> <p>қарыздардың мониторингі кезінде 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап ай сайын:</p> <p>1) есептеу үшін қарыз алушы - жеке тұлғаның орташа ай сайынғы кірісін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан соңғы 6 (алты) ай үшін жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірмені немесе қарыз алушы жалақыны қарыз алушы өтініш берген күннің алдындағы қатарынан соңғы 6 (алты) ай бойы банктің төлем карточкалары арқылы алғаны туралы ақпаратты қолдана отырып, № 292 қаулыға сәйкес есептелген қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентінің деңгейі 0,35 асады;</p> <p>2) берген күннің алдындағы соңғы 24 (жиырма төрт) ай үшін кез келген қолданыстағы немесе жабық қарыз және (немесе) ол бойынша сыйақының берешегі бойынша мерзімі өткен төлем күнтізбелік 60 (алпыс) күннен асады не төлем мерзімі күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам 3 (үш) реттен артық кешіктірілсе;</p> <p>3) қарыздардың ай сайынғы мониторингі кезінде осы жолдың 1) немесе 2) тармақшаларында көрсетілген есеп айырысу үшін ақпарат жоқ.</p> <p>Банкте осы жолдың жоғарыда көрсетілген тармақшаларында көзделген ақпарат болмаған жағдайда, жеке тұлғаларға берілген қарыздар қамтамасыз етілмеген болып танылады және осы жолға сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланады</p>	<p>150</p>

58	Жеке тұлғаларға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген басқа да қарыздар, оның ішінде тұтынушылық кредиттер (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 56 және 57-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға арналған қарыздарды қоспағанда)	100
59	Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	100
60	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
61	Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	100
62	Standard & Poor's агенттігінің "A-"-тен төмен рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар резидент ұйымдар, тиісті рейтингтік бағасы жоқ резидент ұйымдар және Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар	100

63	Төлемдер бойынша есеп айырысулар	100
64	Негізгі қаражат	100
65	Материалдық қорлар	100
66	Банктің инвестицияларын қоспағанда, акциялар бөлігіндегі (жарғы капиталындағы қатысу үлесі) әділ құн бойынша есепке алынатын инвестициялар	100
67	Банктің қаржылық есептілігін жасаған кезде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғаның шығарылған акцияларынан (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінен) әрбіреуі 10 (оннан) кем пайызды құрайтын, негізгі капиталдың 10 (он) пайызынан аспайтын банктің барлық инвестицияларының сомасы	100
68	Банктің қаржылық есептілігін жасаған кезде қаржылық есептілігі шоғырландырылмайтын заңды тұлғаның шығарылған акцияларынан (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінен) әрбіреуі 10 (он) және одан астам пайызды құрайтын, негізгі капиталдың 15 (он бес) пайызынан аспайтын банктің барлық инвестицияларының сомасы	250
V топ		
69	Standard & Poor's агенттігінің "B-" -тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	150
70	Standard & Poor's агенттігінің "B-" -тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	150
71	Standard & Poor's агенттігінің "B-" -тен төмен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі	150

	бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	
72	Standard & Poor's агенттігінің "BB-"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	150
73	Standard & Poor's агенттігінің "BB-"-тен төмен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент ұйымдарға және тиісті рейтингтік бағасы жоқ бейрезидент ұйымдарға қойылатын талаптар	150
74	Standard & Poor's агенттігінің "BB-"-тен төмен рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент ұйымдарға және тиісті рейтингтік бағасы жоқ және тиісті валюталық түсімдері жоқ және (немесе) валюталық тәуекелдері қарыз алушының тарапынан тиісті хеджирлеу құралдарымен жабылмаған бейрезидент ұйымдарға 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап шетел валютасында берілген қарыздар бойынша қойылатын 1 (бір) жылдан астам мерзімі бар талаптар	200
	Төменде көрсетілген шет мемлекеттерінің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қойылатын талаптар: 1) Андорра Князьдігі; 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті; 3) Багам аралдары достастығы; 4) Барбадос мемлекеті; 5) Бахрейн мемлекеті; 6) Белиз мемлекеті; 7) Бруней Даруссалам мемлекеті; 8) Вануату Республикасы; 9) Гватемала Республикасы;	

- 10) Гренада мемлекеті;
- 11) Джибути Республикасы;
- 12) Доминикан Республикасы;
- 13) Индонезия Республикасы;
- 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 15) Кипр Республикасы;
- 16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 17) Комор аралдары Федералды Ислам Республикасы;
- 18) Коста-Рика Республикасы;
- 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- 20) Либерия Республикасы;
- 21) Лихтенштейн Князьдігі;
- 22) Маврикий Республикасы;
- 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 24) Мальдив Республикасы;
- 25) Мальта Республикасы;
- 26) Маршалл аралдары Республикасы;
- 27) Монако Князьдігі;
- 28) Мьянма Одағы;
- 29) Науру Республикасы;
- 30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
- 31) Нигерия Федеративтік Республикасы;
- 32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 33) Біріккен Араб Әмірліктері (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);
- 34) Палау Республикасы;
- 35) Панама Республикасы;
- 36) Тәуелсіз Самоа мемлекеті;
- 37) Сейшель аралдары Республикасы;
- 38) Сент-Винсент және Гренадины мемлекеті;
- 39) Сент-Китс және Невис Федерациясы;
- 40) Сент-Люсия мемлекеті;

	<p>41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана): Ангилья аралдары; Бермуд аралдары; Британдық Виргин аралдары; Гибралтар; Кайман аралдары; Монтсеррат аралы; Теркс және Кайкос аралдары; Мэн аралы; Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары) ;</p> <p>42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдары, Гуам аралы және Пуэрто-Рико достастығының аумағы бөлігінде ғана);</p> <p>43) Тонга Корольдігі; 44) Филиппин Республикасы; 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы</p>	
76	Standard & Poor's агенттігінің "B-" -тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
77	Standard & Poor's агенттігінің "BB-" -тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
78	Standard & Poor's агенттігінің "B-" -тен төмен рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	150
79	Standard & Poor's агенттігінің "BB-" -тен төмен рейтингі немесе немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	150

бейрезидент ұйымдар және тиісті рейтингтік бағасы жоқ бейрезидент ұйымдар шығарған исламдық бағалы қағаздар

Төменде көрсетілген шет мемлекеттерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар:

- 1) Андорра Князьдігі;
- 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті;
- 3) Багам аралдары достастығы;
- 4) Барбадос мемлекеті;
- 5) Бахрейн мемлекеті;
- 6) Белиз мемлекеті;
- 7) Бруней Даруссалам мемлекеті;
- 8) Вануату Республикасы;
- 9) Гватемала Республикасы;
- 10) Гренада мемлекеті;
- 11) Жибути Республикасы;
- 12) Доминикан Республикасы;
- 13) Индонезия Республикасы;
- 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 15) Кипр Республикасы;
- 16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 17) Комор аралдары Федералды Ислам Республикасы;
- 18) Коста-Рика Республикасы;
- 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- 20) Либерия Республикасы;
- 21) Лихтенштейн Князьдігі;
- 22) Маврикий Республикасы;
- 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 24) Мальдив Республикасы;
- 25) Мальта Республикасы;
- 26) Маршалл аралдары Республикасы;
- 27) Монако Князьдігі;
- 28) Мьянма Одағы;
- 29) Науру Республикасы;

30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
31) Нигерия Федеративтік Республикасы;
32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
33) Біріккен Араб Әмірліктері (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);
34) Палау Республикасы;
35) Панама Республикасы;
36) Тәуелсіз Самоа мемлекеті;
37) Сейшель аралдары Республикасы;
38) Сент-Винсент және Гренадины мемлекеті;
39) Сент-Китс және Невис Федерациясы;
40) Сент-Люсия мемлекеті;
41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):
Ангилья аралдары;
Бермуд аралдары;
Британдық Виргин аралдары;
Гибралтар;
Кайман аралдары;
Монтсеррат аралы;
Теркс және Кайкос аралдары;
Мэн аралы;
Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары)
;
42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдары, Гуам аралы және Пуэрто-Рико достастығының аумағы бөлігінде ғана);
43) Тонга Корольдігі;
44) Филиппин Республикасы;
45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға тиісті банк активтерінің кестесіне қосымша

Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша саралануға тиісті банк активтерінің есебіне түсіндірме

1. Салымдар, дебиторлық берешек, сатып алынған исламдық бағалы қағаздар, банкте түзетілген құны аталған активтер көлемінің 50 (елу) пайызынан кем емес қамтамасыз етуі бар (Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған банк активтері кестесінің (бұдан әрі – Кесте) 1-3, 11-13-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі), сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландырған кездегі коммерциялық кредиттер осы тармаққа сәйкес банктерде түзетілген қамтамасыз ету құнын анықтауға мүмкіндік беретін барабар есепке алу жүйесі болған кезде түзетілген қамтамасыз ету құнын шегергендегі тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтер есебіне енгізіледі.

Түзетілген қамтамасыз ету құны (Кестенің 1-3, 11-13-жолдарында көрсетілген активтер түріндегі) мыналарға:

салымдардың, оның ішінде осы банктегі қамтамасыз ету ретінде ұсынылған салымдардың 100 (жүз) пайыз сомасына;

қамтамасыз етуге берілген исламдық бағалы қағаздардың нарықтық құнының 95 (тоқсан бес) пайызына;

қамтамасыз етуге берілген тазартылған бағалы металдардың нарықтық құнының 85 (сексен бес) пайызына тең болады.

